

**Төлеби аудандық мәслихатының 2014 жылғы 21 ақпандағы № 28/132-V "Төлеби ауданы бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2014 жылғы 27 мамырдағы № 31/149-V шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 13 маусымда № 2698 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 2017 жылғы 29 наурыздағы № 13/70-VI шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби аудандық мәслихатының 29.03.2017 № 13/70-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 185 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қаулысына сәйкес, Төлеби аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Төлеби аудандық мәслихатының 2014 жылғы 21 ақпандағы № 28/132-V "Төлеби ауданы бойынша аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2578 тіркелген, 2014 жылғы 21 наурыздағы "Ленгер жаршысы" газетінде жарияланған) шешіміне өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Төлеби ауданында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібінде:

7 тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"7. Уәкілетті орган тұрғын үй көмегін тағайындау үшін қажет құжаттарды берген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде, тұрғын үй көмегін тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту жөнінде шешім қабылдап, өтініш берушіні

хабардар етеді."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат*

*сессиясының төрағасы*

*С.Құлманов*

*Аудандық мәслихат хатшысының*

*міндетін уақытша атқарушы*

*А.Исабеков*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК